

Еңсе қажының ұлы Таңғыт

Еңсе қажы аянды түс көретін, болжамды сананың адамы болған деседі. Айтып айтпай, 1832 жылы Тарбағатайдың Терісайрық бойында дүниеге келген Жұмық елі тектілерінің бірі саналатын бабамыздың XIX ғасырда-ақ Қытай жеріне қоныс аударуы осыны аңғартса керек.

Еңсе қажының руы Сайболат Қошқарбайдан тарайды. 1832 жылы Терісайрық бойында дүниеге келген. Қыр баласы көшпелі ел тәрбиесінде өсіп, жетеді.

Еңсе қажының қыстауы Қытай жерінде де, жаз жайлауы Тарбағатай жерінде екен. Енді осының басын ашып алуға тырысайық. Қытай жерінде болатын себебі, Еңсе қажы Қытай мен Ресей шекаралық белгілері қойылғанға дейін өзінің қонысын шешіп алған көрінеді. XIX ғасырда Қытай мемлекетінің өз ішінде де үнемі тұрақтылық болып тұрмаған. Осындай бір аласапыран кезде Қытай елі мұқтаждығына Еңсе қажы 300 ат, 200 өгіз беріп, ішкері көшкен қалмақтар жеріне рұқсат алған деген деректер бар.

Жунго елінің сеніміне енген Еңсе Қытайдың біздіңше «аға сұлтан» дәрежесіндегі «үкірдайы» болып сайланады. Сыртында әр рудың өзінің жеке-жеке билері сайланып, ел басқару мен ішкі өмірлік мәселерді шешуге көмектесіп отырған. Ал осы билердің «төбе биі» болып, Жұмық елі игі жақсыларының бірі Мәсалім сайланған екен.

Еңсе қажыға 500 түйе боталатып, Тарбағатай күнгейінде 5 мың жылқы, 10 мыңдай қой өргізген байлық қонған адам деседі. Осы байлығы арқасында 1894 жылы қажыға барып, мұсылмандық парызын өтеген. Еңсе қажының төрт әйелі төрт ауыл болып отырған. Кіндігінен: Құлжабай, Махмет, Таңғыт, Маңғыт, Есімхан деген ұлдары, Қазі, Зағила деген қыздары болған. Зағила Бөгісұлы Атабайға ұзатылған.

Сағынбек Ақанұлы, қоғам қайраткері, ҚР мәдениет қайраткері